



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

СЕКЦИЯ 1

Ы.АЛТЫНСАРИН МЕН С.КУБЕЕВТІҢ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ БАҒЫТЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҮНДЕСТІГІ



СОЗВУЧИЕ ПРОСВЕТИТЕЛЬСКИХ ИДЕЙ Ы.АЛТЫНСАРИНА И С.КУБЕЕВА СОВРЕМЕННЫМ ТРЕНДАМ ОБРАЗОВАНИЯ

ӘОЖ 37.034

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ БҮГІНГІ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫМЕН ҮНДЕСТІГІ

Абжанова Акбала Куанышовна
Қостанай педагогикалық колледж оқытушысы
E – mail: abzhanova01@yandex.kz
Абдиханова Күнжанат Оразовна
Қостанай педагогикалық колледж оқытушысы
E – mail: Kunzhanat@yandex.kz
Қостанай қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Жаһандану заманында Ы.Алтынсариннің педагогикалық көзқарастары әлеуметтік – педагогикалық сұрақтарды шешудегі басты әдіс және ұстаным болып табылады.

Түйінді сөздер: педагогикалық көзқарастар сабақтастығы, оқыту үдерісі, жаһандану мәселесі, педагогикалық үндестік.

Аннотация

В эпоху глобализации педагогические взгляды И.Алтынсарина являются главным методом и позицией.

Ключевые слова: преемственность педагогических взглядов, процесс обучения, проблема глобализации, педагогическая гармония.

Annotation

In the era of globalization, I. Altynsarin's pedagogical views are the main method and position in solving socio – pedagogical issues в решении социально – педагогических вопросов.

Key words: continuity of pedagogical views, the learning process, the problem of globalization, pedagogical harmony.

Халқының ұлы перзенті Ыбырай Алтынсарин қазақ жерінде оқу – ағарту ісін жүзеге асырып, тұңғыш халық ағартушысы атанып қоғамда өзгерісті жасау жолында талмай күресіп, халық игілігі үшін жан аямай еңбек етудің үлгісін көрсетті, бүгінгі күнде білім беру мазмұны Ыбырай Алтынсариннің жасаған игі істерімен жалғасын тауып жатыр десек қателеспейміз. XIX ғасырдың екінші жартысындағы аса көрнекті ағартушы – демократ – Ыбырай Алтынсарин Қазақстандағы қоғамдық ой – пікірдің өркендеу тарихында үлкен орын алды. Ол жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлді.

Ы.Алтынсарин Қазақстандағы әлеуметтік – педагогикалық мәселелерді шешудің басты жолдары мен негізгі ұстанымдарын ұсынды. Іргесі қаланбақшы алғашқы мектеп құрылысын, тұңғыш берілетін білімнің бағыт – бағдарын айқындады, қалың бұқараға оның мазмұны мен маңызын түсіндірді, бастауыш мектепке қажетті оқу – құралдарын дайындады.

Мұғалімнің бүгінгі таңдағы ұстанымы қалай жалғасуда? Мектептегі оқушыларға сапалы білім беру нәтижесі мұғалімнің ұстанымына байланысты. Ұстаным дегеніміз не? (Психологтар «ұстаным» ұғымын адамның іс – әрекетке бейімділігімен байланыстырады. Социологтар оны жеке тұлғаның негізгі құндылығы есебінде атап көрсетеді.). Оқыту үдерісінде қалыптасқан көзқарастар мұғалімнің сыныптағы барлық іс – әрекеттеріне әсер етеді. Мұғалімнің ұстанымы – оның көзқарасы, қабылдаған шешімі мен іс – әрекетінің негізі. Педагогикалық ұстаным – бұл педагогтың өзінің тәжірибелік іс – әрекетінде және мінез – құлқында басшылыққа алатын негізгі, бастапқы жағдайлары. Оқыту ұстанымдары – оқытудың мазмұнына, ұйымдастырылуына және әдістемесіне қойылатын талаптар жүйесін анықтайтын негізгі жағдайлар. [2, б. 10]

Ыбырай Алтынсариннің пікірінше, педагогикалық жұмыстағы ең шешуші нәрсе: мұғалімнің ең жақсы оқыту әдістерін таба және балалармен дұрыс сөйлесе білуінде. Үлгілі жолға қойылған, дұрыс тәртібі бар жаңа типті мектеп оқушыларды қызықтырып, оларды мәдениетке, жұмысқа және ой еңбегіне үйретуге, олардың білімге деген ынтасын мейлінше арттыруға тиіс.

Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасының мазмұнынан кешегі Ыбырай салған жолмен ілгері жылжуды бақылауға болады. Ыбырай Алтынсарин оқыту мен тәрбиелеуде негізгі тұлға мұғалім екенін ұғынып, сапалы білім беретін мұғалімдерді дайындау жолында жұмыс жасаған болса, бұл игі бастама қазіргі таңда мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстары арқылы жүзеге асуда. [1, б. 4]

Бүгінгі заман талабына сай білім беруде мұғалімнің алдына қойған басты мақсаты, өз мүддесі мен қоғамдық мүдделерді ұштастыра білетін, зиялы, адамгершілігі мол, денсаулығы мықты жеткіншек тәрбиелеу. Қостанай педагогикалық колледжде де, осы бағытта көптеген жұмыстар жасалуда. Колледждің алдында тұрған басты міндеттердің бірі – білім алушылардың санасына туған халқына деген патриоттық сезім ұялатып, ұлттық рухты сіңіру. Сондай – ақ тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт дәстүрін меңгерту. Әр білім алушыны дара тұлға деп танып, олардың бойына үнемі оқып үйренсем деген ізденімпаздық қасиет дарыту, оларға өздігінен білімдерін толықтырып тереңдету тәсілдерін жаңа технологиялармен, әдіс тәсілдермен байланыстыра отырып дамыту Ыбырай еңбегімен үндесіп жалғасын тауып отырған іс деп қарауымызға болады.

Алтынсариннің міндеттері мұғалім туралы нұсқаулары – олардың қалай оқу керектігі – оның өз заманындағы методиканы терең және жан – жақты білгенін көрсетеді. Ауызша әңгіменің ойлау мен жазбаша жаттығулардың көптеген әдістері туралы түсіндірмесінде ол балалардың әрбір еңбегінің құр босқа ойсыз жаттауға жұмсалмай, мағыналы және жүйелі болуы керек екенін жазды. Әрі қарай ол балаларды тәрбиелеуде үстіртін және мардымсыз түсініктердің, шалағайлықтың болмауы керектігін ескертті. Ол нашар оқыту мен нашар қарым – қатынас балалардың басын қатырып, шатастыратын ал, керісінше балалар сергек, олармен қарым – қатынас неғұрлым жақсы оқушылардың көңіл – күйіне әсер неғұрлым көп болса, сабақ соғұрлым табысты болатынын нақтылы мысалдар арқылы түсіндірді.

Оқу методтары мен балаларды оқыту тәсілдерін Ыбырай Алтынсарин мұғалімдерге олардың кең тәрбиелік мағынасында түсіндіретін:

а) оқыту методтары – балалардың жүре келе мектепке, сабаққа кейіннен ғылымға, өз бетімен білім алуға құмарландыратын (ынталандыратын, ықыластандыратын) жол

ә) сабақта балалардың ойлау қабілетін арттыратын жаттығулар қажет, мысалы, әңгіме, түсіндіру арқылы оқыту методы. Бұл көрнекілік заттарды және өмір фактілерін пайдалануға көмегін тигізеді: заттарды және құбылыстарды суреттеу, олардың қасиеттерін салыстыру, әр түрлі қортындылар жасау.

Сондықтан да балаларда дұрыс ойлау қабілеті қалыптаса бастайды. [11, б. 4]

«Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасында балаларды оқыту тәсілдері тиімді оқыту, табысты оқыту, сындарлы оқыту тәсілдерімен жалғасын тауып отыр. Оқытудың бұл тәсілдерін қолдануда мұғалім оқушылардың оқуына мүмкіндік тудырады, оқу материалы және өзге де қажетті құралдармен қамтамасыз етеді, ал оқушылар өз кезегінде пән бойынша өз түсініктерін арттыруға ынталы болады – бұл жерде де ұлы ағартушының ұстанымының жаңа заман талабымен үндестігін көруімізге болады. Колледжде педагогиканы оқыту барысында, Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарастарынан ой түйіндеу үшін, жұмыс бағдарламаларына шығармаларының тәрбиелік мәнін қарастыру жоспарланған. Ұлы педагогтың шығармалары қазіргі уақытта да, өз көкейтестілігін жоймағанын білім алушылардың зерттеулерінен көруге болады. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарасынан бүкіл әлемдік тәлім тәрбиенің алтын діндегі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптерінің көрініс тапқанын байқаймыз.

«Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасында оларды жинақтап берілген топтамасын көруімізге болады. [1, б. 10]

Ыбырай Алтынсариннің демократиялық – ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан көрініс тапты. Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнаса, екіншіден, өнегелі ұстаз тәлімгер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми – әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Үшіншіден шығармаларында қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық өмірінде, болған саяси әлеуметтік мәселелерді жан – жақты қамтып жазуға жұмсады. Ол кез келген шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнегелі, өнерлі азамат болуға, зиянды іс – әрекеттен, ұрлық зорлық жатып ішер жалқаулық сияқты жаман әдет жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырады.

Қазақ халқының келешегі тек өнер білімде деп түсінген Алтынсарин өз ойын іске асыруда түрлі тосқауыл, кедергілерге кездесті, бірақ оларды табандылықпен жеңе отырып, өз мақсатына жете білді.

Ұлы ұстаздың қандай да шығармасын алсаң да оқушысының санасын оятып, жасөспірімдерге үлгі – өнеге берерлік, болашақана жол сілтерлік, оларды іс – әрекетке үйретіп өмір танытарлық ой тастайды. Өнерге ұмтылу, Отанын, елін сүю, талаптылық, жігерлілік, ізденімпаздық, кішіпейілділік, махаббат қайырымдылық, адамгершілік, жинақылық тағы басқа осылар тәрізді жақсы мінез құлыққа тәрбиелеуге қажетті мәселелерді қамтиды.

Ыбырай Алтынсарин шығармаларының бүгінгі күнге дейінгі жеткен тәрбиелік мәнінің мазмұны әлі де қолданыста.

Ы.Алтынсариннің ұрпағына қалдырған мұрасы – ұлан – ғайыр. Небәрі жарты ғасырға жуық өмір кешкен ұстаздың өнегелі еңбегі жан – жақты зерттеліп, туған халқының керегіне жарауда.

Оның күні бүгінге дейін мектеп оқушыларының әнұраны іспетті «Кел, балалар, оқылық» атты өлеңінің неге тұрады?! «Біз болмасақ, Сіз барсыз, үміт еткен достарым», – деп өзі бастаған оқу – ағарту жұмыстарының алуан қырлы асқарлы істерін, бүкіл ұлт болашағын келер ұрпағына үлкен үмітпен жүктеп, келешектен қуаныш күткен ұлы ұстаздың тындырғаны көп болса да, түнек құрсауындағы қалың елінің білім нәрінен жаппай сусындатып, ғылым мен өнер үйренуінен армандауымен кеткен.

Ыбырай салған сара жол – бұл күндері қанатын кеңге жайған, тамырын тереңге жіберген, экономикасы мен мәдениеті дамыған тәуелсіз Қазақстан Республикасының білім шаңырақтарында жалғасын табуда. Ы.Алтынсаринның шығармаларын зерттеу арқылы ол шығармалардың жеке тұлғаны қалыптастыруда алатын қаншалықты маңызды екенін көрсету. Ы.Алтынсаринның шығармаларының, соның ішінде әңгімелерінің және өлеңдерінде айтылған мәселелердің әлі күнде өзекті. [11, б. 3]

Ы.Алтынсарин өзінің ұстаздық қызметіне байланысты қазақ жастарын оқытып – тәрбиелеу мәселесін ең негізгі, басты мәселе деп есептеді. Халқы үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады, сондықтан жастарды оқытып, тәрбиелеуден, тәрбие ісінің құдіретінен артық ешнәрсе жоқ, – деп түйеді Ыбырай. Қазіргі Мемлекет басшысы Қасым–Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес БҒМ «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен болатын. Осы жобаға байланысты, біздің колледжімізде «Оқуға құштар колледж» жобасы жүзеге асуда. Колледжде педагогика пәнін оқыту барысында, Ы.Алтынсарин шығармаларын оқу акциясы жүзеге асырылуда. Ол кезде нағандыққа белшесінен батып жатқан елді оқуға шақыру, мәдениеттілікке үндеу айтарлықтай тарихи іс еді. Сол бір тарихи кезеңде әлеуметтік мәні зор үлкен іс, ауыр жүкті арқалаған адамның бірі Ыбырай Алтынсарин болды. Ағартушының өнегелі өмірі мен өрісі биік таланты бір кезде қандай – жарқын да жанды қасиеттерімен көрініп, қазақ мәдениетінің тарихында айқын іздерін қалдырса, қазір де сол асыл да абзал ерекшеліктерін өз бойында сақтауда. Мұның өзі заңды да. Өйткені, әрбір ұлы адам адамзатпен бірге жасайтын мәңгі өшпес, ескіrmес идеяларды көтереді. Сондықтан, олар арада бірнеше ұрпақтың өткеніне қарамастан әрбір жаңа ұрпақ, жас қауымға алыстан қол созып, «Жол болсын!» айтып тұрғандай болады, уақыт өткен сайын биіктеп, мән мағынасы мен қадір – қасиеті арта түседі. Мәдениетіміздің тарихында Ыбырай Алтынсарин дәл осындай үркердей санаулы сандақтардың бірі.

Ыбырай Алтынсариннің сол қоғамдық өмірдегі беделін, оның қандай мақсаттағы мәдениет қайраткері ретінде замандастарына танылғанын аңғартып қоймайды, хрестоматиямен нақты танысқан бастапқы аз ғана адамдардың да оның жаңаша мазмұны мен мақсатын дұрыс бағалап, оған лайықты үміт артқанын білдіреді.

Ыбырай Алтынсариннің еңбегі, әдеби шығармаларының бірден – бір жинағы, қазақ жазба әдебиетінің төл басы «Қазақ хрестоматиясы» екенін мақтанышпен айтамыз. «Оқуға құштар колледж» аясында осы хрестоматияны талдап, педагогикалық өзектілігіне тоқталдық. Талдау жұмысы барысында бұл еңбектің қазіргі заманда құндылығын жоямағанын жеткізді. Хрестоматияға енгізілген өлең, әңгімелердің балалардың жасына, сана – сезіміне лайықталынып, педагогика ғылымының міндетті түрде тәрбиешілерден талап ететін әдіс мәселесінің берік сақталынуы өз алдына, сонымен қатар жоғарғы аталып өткен оқу, еңбек, талап, мейірімділік, тағы басқа тақырыптарға арнаулы, қолға таяқ ұстатқандай әңгімелерді әдейі, саналы түрде таңдап алғандығын да көрмей кетуге болмайды. Оның «Хрестоматиясының» бірінші беттерінен – ақ балаларды оқуға, өнерге, ұқыптылыққа, тазалыққа, мейірімділікке шақырған әңгімелер мен өлеңдер жиі кездеседі. Мәселен, ол «Кел, балалар, оқылық» деген өлеңінде жастарды білім алуға, өнер үйренуге шақыра келіп, білімді адамның сана – сезімі жоғары, ілтипатты, өнегелі болатынын, адам білім арқылы ғана мақсатына жететіндігін, өзінің келешектегі жақсы тұр – мысын қамтамасыз ете алатындығын, сөйтіп оқыған адамның өмір сүруі де, еңбек етуі де анағұрлым жеңіл және көңілді, сергек болатынын сөз етеді. Бұл күндері заман басқа. Қоғам басқа. Дегенмен еңбек ету – ақиқат. Біз баяғы. Ұрпақты кәсіпке баулу – Ыбырай жолын жалғастырушы ұстаздардың басты міндеті. Құр атағы дардай жоғарғы оқу орнын бітіріп, мамандығын бойынша жұмысқа кіруің қиын мамандықтан қарағанда, қарапайым кәсіп иесі болып, «Еңбекпен табылған нанның тәтті» екендігін жас ұрпақтың бойына сіңіру бүгінгі қоғам еншісінде. Ұлттық тәрбие Ыбырай Алтынсарин шығармашыларымен біте қайнап жатыр. Олай болса, біз ұлы жазушыларымызды ұлықтап, өзгеге үлгі етуіміз керек. Шығармалары жемісі таусылмас мәуелі ағаштай, жыл өткен сайын жаңара да жасара береді. Ыбырай Алтынсарин мұрасы осынсымен құнды. [12, б. 9]

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік – рухани тәрбие беру. Қай заманда болмасын адам алдында тұратын ұлы мұраттың ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын сауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ал саналы ұрпақ қоғамда өзінің білімімен қатар адамгершілік қасиеттерімен, қайырымдылығымен, адалдығымен ардақталатыны бәрімізге аян. Міне, осындай адами қасиеттерді бала бойына қалыптастыруды негізге алып, сол жас жеткіншектерге

тұңғыш рет қалам тербеген ағартушы – педагог Ыбырай Алтынсариннің туындыларында, әсіресе, білімділік пен адамгершілік, еңбекқорлық пен қажыр – қайраттылық біртұтас өріліп отырады.

Жаһандану заманында интернетпен қоректеніп өсіп келе жатқан бала ертеңгі ел тірегі, рухани толық тұлға бола ала ма? Жоқ... өкінішке орай, техника ғасыры бізге жеті түрлі өнер үйретсе де, ұлттық құндылық пен рухани байлықты, сайып келгенде адами қасиеттерді дарыта алмасы хақ. Мағынасы тереңде, ойға ой қосатын шығармаларды оқыту арқылы саналы ұрпақ тәрбиелеуге болады. Ал, әдебиетте адами қасиеттерге тұнып тұрған Ыбырай әңгімелері десек, қателеспейміз. Адамгершілік іспетті ізгі қасиеттерді дамытуда Ыбырай әңгімелерінің құндылығы басым. Шығармаларының қайнары оның халық тұрмысынан яки шындықтан алшақтамаған. Адам әрекеттерін болмысына сәйкес бейнелеп суреттеуде негіз етіп сол адами бағытты ұстанған. Түпкі өзек етіп адам» болуды алған. Демек, Дала қоңырауының адами қағидалары бала тәрбиелеуде біздің басты міндетімізге айналуы тиіс. Бүгінгі ұстаз Ыбырай Алтынсарин әңгімелерін оқыту арқылы ғана саналы, ел ертеңін ойлайтын, бауырмал, жанашыр ұрпақ тәрбиелей алады.

Алтынсарин өз халқының игілігі үшін қажымай еңбек етіп, дарындылығын, мәдениетке қабілеттілігін дәлелдейді. Ол жастарды жарқын болашақ үшін қажымай күресуге, мәдениеттілікті қабылдап, ұғынуға жол көрсетті. Ол болашаққа деген сенімді қолдады. [12, б. 5]

Алтынсариннің педагогикалық тәрбие қиялдары мен мектеп системасы ғылым мен жалпы білімді жоғары бағалауға, балаға сүйіспеншілікпен қарап, оны қадірлеуге және өз халқының мүддесі үшін қызмет істей алатын жас адамдарды дайындауға негізделіп жазылған және де бүгінмен үндесіп, Мәңгілік еліміздің болашақ азаматтарын тәрбиелеуде зор үлесін қосып отыр десек қателеспейміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасы. Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология. Алматы, 1981 ж.
2. Қоянбаев Б.Ж. Педагогика. Оқу құралы. Алматы, «Рауан», 1992 ж.
3. Жарықбаев Қ. Ұстаздық еткен жалықпас. Алматы, «мектеп», 1987 ж.
4. Бастауыш мектеп №7, 2001 ж.
5. Өлібаева Ж. Балаларға ұлттық тәлім – тәрбие берудегі әдеп мәселесінің алатын орны.
6. Әлімханов М. Қазақтың халық медицинасы. Алматы: Қазақстан 1992 ж.
7. Бержанов К., Сейталиев Қ. Ауыз әдебиетіндегі адамгершілік, тәрбие мәселелері. Қазақстан мектебі, 1970 ж.
8. Боданов Ж., Болеев К. Қазақтың халық педагогикасы. Жамбыл: 1992 ж.
9. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. «Қазақстан мектебі», 1989 ж.
10. «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасы. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.
11. Бекежан Сүлейменов «Білім» Алматы, 2003 ж.

УДК 373(091)

РОЛЬ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИДЕЙ Ы.АЛТЫНСАРИНА И С.КУБЕЕВА В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ

*Абиялгази́на Жанар Тулегеновна
учитель истории, педагог – исследователь
Альжанова Салтанат Бозорбаевна
магистр гуманитарных наук, учитель истории, педагог – эксперт
Асембекова Кымбат Хамзаевна
учитель истории, педагог – эксперт
КГУ «Общеобразовательная школа №22
отдела образования города Костаная»
Управления образования акимата Костанайской области
г. Костанай, Казахстан
E-mail: kuzembaeva73@mail.ru*

Аннотация

Актуальность и цель. Статья посвящена анализу педагогических идей Ы.Алтынсарина и С.Кубеева в контексте современного образовательного процесса. В статье выделяются основные педагогические идеи Ы. Алтынсарина, которые созвучны с современными реалиями. В работе показано, что просветителя Ы.Алтынсарина всегда отличала активная гражданская позиция и патриотизм. Ы.Алтынсарин поднимал наиболее актуальные проблемы, касающиеся сохранения национальной самобытности казахского языка и культуры, развития нации в целом. Последовательно прослежены основные вехи развития творческого пути просветителя Ы.Алтынсарина, раскрыты грани творчества. В работе показано все богатство наследия выдающегося казахского педагога – новатора.